ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2023 жылғы 17 қараша №7119-23-00-2/12732 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.М. Утегенова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «Elorda Eco System» ШЖҚ МКК

ЖАУАПКЕР:
Жұмабай Айбол Нұргелдіұлына тұлғасындағы «ZHUMABAY» ЖК

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 267-1 – 267-4 басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

Талап арызы – қанағаттандырылсын.

Жұмабай Айбол Нұргелдіұлына тұлғасындағы «ZHUMABAY» ЖК мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жұмабай Айбол Нұргелдіұлына тұлғасындағы «ZHUMABAY» ЖК-нен Астана қаласы әкімдігінің «Elorda Eco System» ШЖҚ МКК пайдасына 5 988 (бес мың тоғыз жүз сексен сегіз) теңге тұрақсыздық айыбы және 180 (бір жүз сексен) теңге баж салығы өндірілсін.

Жұмабай Айбол Нұргелдіұлына тұлғасындағы «ZHUMABAY» ЖК-нен мемлекет кірісіне 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге баж салығы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның

оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.М. Утегенова

Судья А. Утегенова

Аныктама: Сот шешімі заңды күшіне енді 04.01.2024ж.

Судья А. Утегенова

ДОКУМЕНТ ПОДПИСАН ЭЦП ЕНОВА А.М., 17.11.2025